

Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы

**Ақтөбе облысының 2016 жылғы облыстық бюджетінің орындалуы
туралы Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының есебі
(жергілікті атқарушы органның есебіне қорытындысы)**

**Ақтөбе 2017 жыл
МАЗМҰНЫ**

I БӨЛІМ. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚЫСҚАША ТАЛДАУ

II БӨЛІМ. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛДАУ

- 2.1. Жергілікті бюджетке түскен түсімдердің атқарылуын бағалау
- 2.2. Жергілікті бюджет кірістерінің атқарылуын бағалау
 - 2.2.1. Салықтық түсімдерді талдау
 - 2.2.2. Салықтық емес түсімдерді талдау
 - 2.2.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау
 - 2.2.4. Трансферттер түсімдерін талдау
- 2.3. Жергілікті бюджет шығыстарының атқарылуын бағалау
 - 2.3.1. Жергілікті бюджет шығындарының атқарылуын талдау
 - 2.3.2. Бюджеттік кредиттердің пайдаланылуын талдау
 - 2.3.3. Қаржы активтерін сатып алуға жұмсалған шығындарды талдау
 - 2.3.4. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау

III БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

- 3.1. 2016-2020 жылдарға арналған Аумақтарды дамыту бағдарламасының іске асырылуын бағалау
- 3.2. Өңірде басқа да бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ақпарат

IV БӨЛІМ. ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

- 4.1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігін бағалау
- 4.2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бағалау
- 4.3. Мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау
- 4.4. Квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК

- 5.1. Тұжырымдар
 - 5.2. Ұсынымдар
- #### **ЕСЕПКЕ ҚОСЫМШАЛАР**

- 1.Тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі жұмысы туралы ақпарат

I.БӨЛІМ. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚЫСҚАША ТАЛДАУ

2016 жылдың аяғында Ақтөбе облысы әкімдігімен облыстың бұрын бекітілген макроэкономикалық даму көрсеткіштері түзетілген.

2016 жылғы Ақтөбе облысының негізгі макроэкономикалық даму көрсеткіштері

№	Көрсеткіш атаулары	2015 жылдың орындалуы	2016 жыл		2016 жылдың орындалуынан ауытқушылық (+, -)	
			Жоспар	Орындалуы	2015 жылға орындалуға	2016 жылғы жоспарға
1	Өндірістік өнім көлемі, млн.теңге	1014433,0	970200,0	1202723,6	188291,6	232523,6
2	Ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемі, млн.теңге	165244,3	130700,0	184800,3	19556,0	54100,3
3	Негізгі капиталға инвестиция, млн. теңге	349912,0	350000,0	373654,9	23742,9	23654,9
4	Тұрғын үйді іске қосу, мың ш.м.	536,2	478,9	616,6	80,4	137,7
5	Шағын және орта кәсіпкерлік (жедел мәліметтер) -қызмет ететін субъектілер саны, бірлік.	50,2	51,9	50,8	0,6	-1,1
6	Бөлшек сауда, млн. теңге	421814,6	422500,0	490636,0	68821,4	68136,0
7	Тіркелген жұмыссыздар саны, адам	1161	1500	1257	96	-243

Ақтөбе облысы Қазақстанның индустриялық дамыған өңірі болып табылады. Ақтөбе облысының жер қойнауында пайдалы қазбалардың мол қоры орналасқан, оның салдарынан өңірде тау-кен өндірісі, өңдеу, химия өнеркәсіптері, ферроқорытпа өндірісі және т.с.с. дамуын тапты.

Жалпы өнеркәсіп өндірісінің көлемі бойынша жоспар 970200,0 млн. теңге болса, орындалуы 1202723,6 млн.теңге, яғни 232523,6 млн.теңгеге немесе

24,0%-ға, 2015 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі 188290,6 млн.теңгеге немесе 18,6 %-ға көбейген.

Өңдеу өнеркәсібінің негізін мынадай ішкі салалар құрайды: металлургия өнеркәсібі - 10,5%, қара металлургия 10,5%, тамақ өнімдерін өндіру –3,9%, химия өнеркәсібі –2,8%, машина жасау 2,7%, өзге бейметалл минералдық өнімдер өндіру – 2,2%, кокс, мұнай өнімдерін өндіру – 1,7%, және т.с.с.

Металлургия өнеркәсібі үлесі 10,5%-ды құрайтын өңдеу өнеркәсібі саласының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Металлургия өнеркәсібінің негізгі кәсіпорындары: «Қазхром» ТҰК» АҚ АФЗ филиалы (ферроқорытпалар), «Ақтөбе рельстік-арқалық зауыты» ЖШС (125 м рельстері, сұрыптамалық прокат), «Ақтөбе металл құрылымдары зауыты» ЖШС (металл құрылымдары, сэндвич-жаяужолдары, блок-бокстер), «Каспий плюс» ЖШС (металөңдеу, бекіткіш бұйымдар), «Энерго Альянс» ЖШС (мелющие шары), «Улан компаниясы» ЖШС (металқұрылғылар және метал бұйымдар).

Металлургияны өңірде көлемі қазақстандық ферроқорытпаның 22,1%-ын құрайтын «Қазхром» ТҰК» АҚ Ақтөбе ферроқорытпа зауыты ұсынады. Компания өнімдерінің номенклатурасы бүгінде ферроқорытпаларды (феррохром, ферросилихром, ферросилиций, ферромарганец, ферросилликомарганец), сондай-ақ хром кені мен металл хромды қамтиды. Ішкі нарықта ферроқорытпаларға сұраныс көп емес, сондықтан «Қазхром» өнімдерінің 90%-дан артығы алыс шетелге экспортталады (АҚШ, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері).

Аграрлық-өнеркәсіптік кешені облыс экономикасының ірі және әлеуметтік-маңызды секторларының бірі болып табылады. Жалпы өңірлік өнімнің құрылымында ауыл шаруашылығы үлесіне 5,0% тиесілі.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемі есепті жылда 184800,3 млн.теңгені құрады (жоспар 130700,0 млн.теңге) немесе жоспардан 41,4% артық орындалған.

2016 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 373654,9 млн. теңгені құрады.

Инвестициялық салымдар үшін ең тартымды тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді әзірлеу саласы жалпы инвестициялар көлеміндегі үлесі 67,6% құрайды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға беру 616,6 мың ш.метрді құрады, 2015 жылмен салыстырғанда 115,0%-ға (536,2 мың ш.метрді) өскен.

Барлық пайдалануға берген тұрғын үйдің көлемі:

-40,1 мың ш.м. тұрғын үй жинақтау жүйесі арқылы барлық санаттағы кредиттік тұрғын үй;

-4,1 мың ш.м.республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінген қаржының есебінен кезекте тұрған ЖАО (жергілікті атқарушы орган) жалдалмалы тұрғын үй;

-0,6 мың ш.м. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша жалдамалы тұрғын үй;

-0,2 мың ш.м. жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен коммуналдық тұрғын үй;

-289,0 мың ш.м. коммерциялық тұрғын үй;

-282,7 мың ш.м. жеке тұрғын үй.

Тұрғын үйді пайдалануға берудің өсуі Ақтөбе қаласы мен 12 ауданда байқалып отыр. Әсіресе өсу Қобда (1,3%-ға) және Шалқар (1,3%-ға) аудандарында.

Облыс бойынша 4953 отбасын жақсы жабдықталған тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік берілді.

Республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан жалдамалы және кредиттік тұрғын үйлердің құрылысына бөлінген 5574,5 млн.тенге толығымен игерілген (100%).

Облыс экономикасы дамуының басым бағыты шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады.

2016 жылы бөлшек сауда айналымы 490636,0 млн. теңгені құрады немесе 2015 жылмен салыстырғанда 16,3%-ға немесе 68821,4 млн.теңгеге артқан. Бөлшек сауданың жалпы көлемін азық-түлік тауарлары құрайды - 48,9%, азық-түлік емес тауарларға 51,1% келеді.

Облыс бойынша тіркелген жұмыссыздар саны 1257 адам. Өткен жылмен салыстырғанда осы көрсеткіш 96 адамға көбейген.

II БӨЛІМ. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛДАУ

Есепті жылы облыстық бюджетті нақтылауда оның кірістері елеусіз өзгерістерге ұшырап, 24 359 392,3 мың теңгеге немесе 22,6% және 2016 жылдың басында қалған қалдықтардың есебімен шығындар 26 247 934,6 мың теңгеге немесе 24,5% көбейген.

2016 жылы шығындар бойынша жоспарлық міндеттер 555 903,1 мың теңгеге орындалмаған.

2016 жылғы жергілікті бюджеттің негізгі параметрлерінің орындалуы

млн. теңге

<i>p/c</i>	<i>Көрсеткіштерд</i>	<i>Бекітілген</i>	<i>Нақтылан</i>	<i>Түзетілг</i>	<i>Атқа-</i>	<i>Бекітілген</i>	<i>Түзеті</i>
------------	----------------------	-------------------	-----------------	-----------------	--------------	-------------------	---------------

	<i>ің атауы</i>	<i>бюджет</i>	<i>ған бюджет</i>	<i>ен бюджет</i>	<i>рылуы</i>	<i>бюджетке түзетілген бюджеттің ауытқуы</i>	<i>лген бюджетке атқарылуы %</i>
1	Кірістер	107 644,8	132 004,2	139 831,6	141 585,0	32186,8	101,3
2	Шығындар	107 116,5	133 364,5	141 191,9	140 636,0	34075,4	99,6
3	Бюджеттік кредиттер	2 806,1	13 931,1	13 931,1	13 931,1	11125,0	100,0
4	Бюджеттік кредиттерді өтеу	3124,2	3335,1	3335,1	3215,3	210,9	96,4
5	Қаржылық активтерді сатып алу	0	123,6	123,6	123,6	123,6	100,0
6	Мемлекеттің қарж.активтерін сатудан түскен түсімдер	0	0	0	0,03	0	0
7	Бюджеттің тапшылығы (профициті)	846,3	-12079,9	-12079,9	-9890,4	-11233,6	-
8	Қарыздардың түсімі	2098,1	12371,5	12371,5	12371,5	10273,4	100,0
9	Қарыздарды өтеу	2944,4	3155,3	3155,3	3155,3	210,9	100,0
10	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражаттарының қалдығы				2189,5	-	-

2017 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша бюджет қаражаттарының қалдығы 2189534,3 мың теңгені құрап, 2016 жылдың басымен салыстырғанда 674203,0 мың теңгеге (23,5%) азайды.

Бюджеттің кірістері мен шығыстарының орындалуын талдаудың қорытындысы бойынша, кірістер 101,3%-ға және шығыстар 99,6%-ға орындалған. Кірістер бойынша жоспардың артық орындалуы, салықтық түсімдер (105,2%) мен салықтық емес түсімдер (138,9%) төлемдеріне байланысты, ал шығындар бойынша жоспардың толық орындалмауы келесі функционалдық топтар: жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер (99,4%), қорғаныс (99,7%), қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі (99,3%), әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру (98,9%), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (99,4%), мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік (96,4%), отын-энергетика кешені және жер

қойнауын пайдалану (99,6%), ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары (99,7%), өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі (97,9%) және басқалар (99,8%) есебінен қамтамасыз етілмеген.

2.1. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің атқарылуын бағалау

Ақтөбе облысының облыстық бюджетінің 2016 жылға бекітілген бюджет кірістері 107644764,0 мың теңгені құрады, енгізілген толықтырулар мен өзгерістер есебімен түзетілген жоспар 139831558,3 мың теңгені құраған.

Кірістер бойынша түзетілген жоспар 141 584961,3 мың теңгеге немесе 101,3% орындалды.

2.2. Жергілікті бюджет кірістерінің атқарылуын бағалау

Бюджеттің кіріс бөлімінің құрылымы (млн.теңге)

Атауы	2016ж бекітілген бюджет	2016 ж нақтыланған бюджет	2016ж түзетілген бюджет	01.01.2017ж бюджет түсімінің атқарылуы	атқарылуы, %
Салық түсімдер	32258,4	32265,4	32265,4	33929,0	105,2
Салықтық емес түсімдер	2765,8	2637,9	2637,9	3664,8	138,9
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	0	0	0	6,0	0
Барлық түсімдер	35024,2	34903,3	34903,3	37599,8	107,7
Трансферттердің түсімдері	72620,5	97100,8	104928,3	103985,2	99,1
Жалпы кірістер	107644,7	132004,1	139831,6	141585,0	101,3

Жалпы кірістер сомасының салықтық түсімдері 33 928 956,2 мың теңге немесе 2016 жылғы жалпы кірістер көлемінің 24,0%, салықтық емес түсімдер- 3 664 837,0 мың теңге немесе 2,6%, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер- 5 994,0 мың теңге және трансферттердің түсімдері- 103 985 174,1 мың теңге немесе 73,4% құраған.

2016 жылы бюджет түсімдері бойынша бекітілген жоспар (трансферттер түсімін қоспағанда) бірнеше түзетулер нәтижесінде 120 934,2 мың теңгеге немесе 0,4% азайған, оның ішінде салықтық емес түсімдер-127 934,2 мың теңгеге азайып, салықтық түсімдер-7000,0 мың теңгеге көбейген.

2016 жылы жергілікті бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдердің нақты түсуі 37 599 787,2 мың теңге құрады, түзетілген жоспар 34 903 307,8 мың теңге немесе жоспар 107,7% орындалған.

Есепті жылы облыс бюджеті кірістері түсімдерінің көбеюі өткен жылмен салыстырғанда 36 031 186,3 мың теңге немесе 34,1%. Көбеюдің негізгі факторлары: салықтық түсімдер-703 355,7 мың теңгеге, салықтық емес түсімдер-112990,5 мың теңгеге, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер-5757,0 мың теңгеге және трансферттердің түсімдері-35 209 083,1 мың теңгеге көбейген.

2.2.1. Салық түсімдерін талдау

Салықтық түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштер 105,2 пайызға немесе 1663529,2 мың теңгеге артық орындалған, жоспардың толық орындалуы негізінен, «Табыс салығы» коды бойынша жоспар 12 378 361,0 мың теңге, орындалуы 12 585 600,2 мың теңге немесе 101,7 пайыз, «Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар» коды бойынша жоспар 8955129,0 мың теңге, орындалуы 10436812,5 мың теңге немесе 116,5 пайыз.

2015 жылмен салыстырғанда салықтық түсімдер бойынша төлемдер 102,1% өскен.

Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментімен ұсынылған мәліметтер бойынша Ақтөбе облысы бойынша жергілікті бюджетке түсетін салықтық төлемдер бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарына 15 718 608,4 мың теңгеге артық төленген төлемдер түскен, 2017 жылдың басына артық төлем 17 213 924,5 мың теңгені құраған. Келесі кодтар бойынша:

<i>Р/с</i>	<i>Код №</i>	<i>Код атауы</i>	<i>Артық төленген төлем (млн.теңге)</i>
1	101201	төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	5847,4
2	101202	төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	553,9
3	101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	12,8
4	103101	әлеуметтік салық	4706,0
5	104101	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	2382,1
6	104102	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	82,6
7	104302	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	31,4
8	104309	Елді мекендердің жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы	121,5
9	104401	заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын	61,3

		салық	
10	104402	жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	1497,3
11	104501	бірыңғай жер салығы	49,7
12	105274	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің және (немесе) шарап материалының, алкоголь өнімдерінің барлық түрлері	1348,0
13	105284	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны	10,8
14	105303	жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	2,9
15	105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	0,3
16	105315	жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	76,5
17	105316	қоршаған ортаға төленетін эмиссия	383,5
18	105404	Аукциондардан алынатын алым	1,4
19	105420	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумақтары арқылы өтетін облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақы	0,2
20	105425	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі, аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістіктегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде және ауданда тіркелген көлік құралдарында орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте және облыстық маңызы бар қалада тіркелген көлік құралдарында орналастырғаны үшін төлемақы	35,4
21	105502	Тіркелген салық	8,8
22	107110	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	0,1
		Барлығы	17213,9

Жергілікті бюджетке түсетін салықтық төлемдер бойынша артық төленген төлемдер өткен жылмен салыстырғанда 1 495 316,1 мың теңгеге немесе 9,5% көп.

Жергілікті бюджетке түсетін салықтық төлемдер бойынша 2017 жылдың 1 қаңтарына облыс бойынша 970946,0 мың теңге бересі бар және 2016 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 154888,0 мың теңгеге (19,0 пайызға) артық.

Айырмашылық төмендегі кодтар бойынша:

<i>Р/с</i>	<i>Код №</i>	<i>Код атауы</i>	<i>Бересі 01.01.2016ж (млн.теңге)</i>	<i>Бересі 01.01.2017ж (млн.теңге)</i>	<i>Айырмашылық (млн.теңге)</i>
1	101201	төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	196,3	182,2	-14,1
2	101202	төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	78,0	145,3	67,3
3	103101	әлеуметтік салық	158,7	187,3	28,6
4	104101	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	103,3	138,7	35,4
5	104102	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	116,2	146,2	30,0
6	104302	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	61,7	51,6	-10,1
7	104309	Елді мекендердің жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы	32,0	35,6	3,6
8	104401	заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	5,3	6,6	1,3
9	104402	жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	29,7	30,0	0,3
10	104501	бірыңғай жер салығы	1,4	0,7	-0,7
11	105274	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің және (немесе) шарап материалының, алкоголь өнімдерінің барлық түрлері	0,6	12,3	11,7
12	105315	жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	15,8	21,7	5,9
13	105316	қоршаған ортаға төленетін	9,1	5,3	-3,8

		эмиссия			
14	105425	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі, аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістіктегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде және ауданда тіркелген көлік құралдарында орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте және облыстық маңызы бар қалада тіркелген көлік құралдарында орналастырғаны үшін төлемақы	0,7	0,9	0,2
15	105502	Тіркелген салық	7,2	6,5	-0,7
	Барлығы		816,0	970,9	154,9

2.2.2. Салықтық емес түсімдерді талдау

Салықтық емес түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштер 3664837,0 мың теңгеге немесе 138,9 пайызға орындалған. Түсімдердің орындалуы негізінен, «Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер» коды бойынша жоспар 24056,0 мың теңге, орындалуы 43703,3 мың теңге немесе 181,7 пайыз, «Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» коды бойынша жоспар 1000500,0 мың теңге, орындалуы 1199337,3 мың теңге немесе 119,9 пайыз және «Басқа да салықтық емес түсімдер» коды бойынша жоспар 1613324,8 мың теңге, орындалуы 2421796,4 мың теңге немесе 150,1 пайыз.

2015 жылмен салыстырғанда салықтық емес түсімдер бойынша төлемдер 112990,5 мың теңгеге немесе 103,2 пайызға өскен.

2.2.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау

Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер» коды бойынша 5994,0 мың теңге түскен.

Өткен жылмен салыстырғанда төлемдер 5757,0 мың теңгеге немесе 25 есе көбейген.

2.2.4. Трансферттер түсімдерін талдау

Облыс бюджеті кірістерінің ішіндегі трансферттер түсімдерінің нақтыланған жоспары 97100848,5 мың теңгені (2015 жылы- 69040622,5мың теңгені), түзетілген жоспары 104928250,5 мың теңгені (2015 жылы- 70724379,0мың теңге) және орындалғаны 103985174,1 мың теңгені (2015 жылы- 68776091,0 мың теңге), орындалуы 99,1% құрады. Трансферттер түсімдерінің толық орындалмауы, Темір және Хромтау аудандары бюджеттерінің кіріс бөлігінің орындалмауына байланысты.

Бюджеттік алып қоюлар есебінен жоспар 19445080,0 мың теңге, орындалуы 18502004,0 мың теңге немесе 95,2%;

Нысаналы трансферттерді қайтару есебінен жоспар 40417,0 мың теңге, орындалуы 40416,6 мың теңге немесе 100,0%;

Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару есебінен жоспар мен орындалуы 3171,6 мың теңге немесе 100,0%;

Аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансферттер түсімдері есебінен жоспар мен орындалуы 216863,0 мың теңге немесе 100,0%;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару есебінен жоспар мен орындалуы 20216,0 мың теңге немесе 100,0%;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару есебінен жоспар мен орындалуы 38,9 мың теңге немесе 100,0%;

Субвенциялар есебінен түзетілген жоспары мен орындалуы 8621042,0 мың теңге немесе 100,0%.

Республикалық бюджеттен және Ұлттық қор есебінен түскен трансферттердің түзетілген жоспары мен орындалуы 74814605,0 мың теңге немесе 100,0%;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резерві есебінен түзетілген жоспары мен орындалуы 1766817,0 мың теңге немесе 100,0%;

2015 жылмен салыстырғанда республикалық бюджеттен, Ұлттық қор есебінен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резерві есебінен түскен ағымдағы және даму трансферттерінің көлемі 99,0% немесе 38089517,5 мың теңгеге көбейген.

Есептік жылы жоғарғы тұрған бюджеттерден түскен трансферттер үлесі жалпы облыс бюджеті кірістерінің 73,4%-ын құраған.

2.3. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛДАУ

Ақтөбе облыстық мәслихаттының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «2016-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №346 шешімімен қаржыландыру сомасы 112 867 046,0 мың теңгеге жиынтық жоспары бекітілді.

Есепті кезең ішінде Ақтөбе облысының бекітілген бюджетіне 7 рет облыстық мәслихатының 2016 жылғы 18 ақпандағы №387, 2016 жылғы 30 наурыздағы №14 шешімімен, 2016 жылғы 3 маусымдағы №25, 2016 жылғы 22 маусымдағы №41, 2016 жылғы 17 тамыздағы №48, 2016 жылғы 28 қазандағы №69 және 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №81 шешімдерімен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Нәтижесінде, шығыстар бойынша 2016 жылға арналған түзетілген бюджет 158 401 930,5 мың теңгені құрап, бекітілген бюджетпен салыстырғанда 45 534 884,5 мың теңгеге (40,3%) артқаны байқалады.

Кассалық орындалуы 157 846 027,4 мың теңгені немесе түзетілген бюджетке 99,6%-ды, оның ішінде шығындар бойынша- 140 635 971,5 мың теңгені, бюджеттік кредиттер-13 931 123,0 мың теңгені, қаржылық активтерді сатып алу-123 603,0 мың теңгені және қарыздарды өтеу-3 155 329,9 мың теңгені құрады.

2.3.1. Жергілікті бюджет шығындарының атқарылуын талдау

Облыстық бюджет бойынша 2016 жылға бекітілген бюджет шығыстары 112 867 046,0 мың теңгені құрады. Жыл бойына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар есебімен облыстың нақтыланған жоспары 150 574 528,5 мың теңгені және түзетілген жоспары 158 401 930,5 мың теңгені құрады.

2016 жылғы облыстық бюджеттің шығыстары 157 846 027,4 мың теңгеге немесе түзетілген жоспарына 99,6 %-ға орындалған, соның ішінде:

- жергілікті бюджеттің шығындары бойынша 55925923,8 мың теңге немесе 99,9%.

- республикалық бюджеттен түскен трансферттер бойынша 74356814,4 мың теңге немесе 99,4%;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резерві бойынша 1732191,3 мың теңге немесе 98,0%;

- республикалық бюджеттен берілетін субвенциялар бойынша 8621042,0 мың теңге немесе 100,0%;

- бюджеттік несиелер бойынша 13 931 123,0 мың теңге немесе 100,0 %;

- қаржылық активтерді сатып алу бойынша 123603,0 мың теңге немесе 100,0%;

-қарыздарды өтеу бойынша 3 155 329,9 мың теңге немесе 100,0%.

Жыл қорытындысы бойынша 555903,1 мың теңге игерілмеген. Игерілмеген соманың негізгі үлесі 457790,6 мың теңгесі республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан бөлінген нысаналы трансферттер есебінен болып отыр. Игерілмеу себебі:

-Мемлекеттік сатып алудан үнемделген қаражат-259057,8 мың теңге;

-Еңбекақыдан үнемделген қаражат-98351,1 мың теңге;

-Конкурстық рәсімдерді уақытылы өткізбеуіне байланысты үнемделген қаражат-96755,0 мың теңге;

-Шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты-3329,0 мың теңге және басқа да үнемделген қаржы-297,7 мың теңге.

Облыстық бюджеттің қаражаты есебінен 98112,5 мың теңге игерілмеген (мемлекеттік сатып алудан үнемделген қаражат, қалдықтар және т.б.).

Жергілікті бюджет қаржысын және трансферттерді пайдаланудың басты кемшілігі олардың игерілмеуі болып табылады. Оның себептері – нысаналы трансферттер көлемінің жеткілікті дәрежеде сапалы жоспарланбауы, сонымен қатар, жергілікті деңгейлердегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершіліктерінің болмауы және мемлекеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің тікелей және түпкі нәтижелерге қол жетімділігінің төмендігі болып табылады.

2016 жылға функционалдық топтар бойынша шығындардың атқарылу динамикасы

(млн. теңге)

Функционалдық топтар атауы	2016 жылға бекітілген бюджет	2016 жылға нақтыланған бюджет	2016 жылға түзетілген бюджет	Түзетілген бюджеттің бекітілген бюджеттен ауытқуы	Атқарылуы	%

				Сомасы	%		
Шығындар, барлығы:	107 116,5	133 364,5	141 191,9	34075,4	131,8	140636,0	99,6
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1375,8	1701,2	1894,2	518,4	137,7	1883,3	99,4
Қорғаныс	130,0	154,6	154,6	24,6	118,9	154,2	99,7
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	5661,9	6394,7	6394,7	732,8	112,9	6351,4	99,3
Білім беру	16722,8	18641,6	18920,5	2197,7	113,1	18911,9	100,0
Денсаулық сақтау	24522,4	28412,2	28581,3	4058,9	116,6	28575,5	100,0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1666,7	1742,3	2302,1	635,4	138,1	2275,6	98,9
Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық	2658,7	13146,8	18758,7	16100,0	705,6	18649,0	99,4
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	5463,9	6526,8	6846,1	1382,2	125,3	6599,3	96,4
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1010,4	745,6	745,6	-264,8	73,8	742,9	99,6
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	7087,5	11236,4	11263,0	4175,5	158,9	11233,0	99,7
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	204,6	305,6	1143,1	938,5	558,7	1119,0	97,9
Көлік және коммуникация	6860,8	6529,0	6786,8	-74,0	98,9	6783,4	100,0
Басқалар	17950,6	21945,4	21518,9	3568,3	119,9	21475,2	99,8
Борышқа қызмет көрсету	0	2,5	2,5	2,5	0	2,5	100,0
Трансферттер	15800,4	15879,8	15879,8	79,4	100,5	15879,8	100,0

Қаражаттардың басым бөлігі білім (13,5%), денсаулық (20,3%), тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы (13,3%), ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары (8,0%) салаларына, басқалар (15,3%) мен трансферттерге (11,3%) жұмсалды.

Облыстық бюджет бойынша қаражаттың игерілуі 99,6% құрады, толықтай игерілмеген функционалдық топтар: жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер (99,4%), қорғаныс (99,7%), қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі (99,3%), әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру (98,9%), тұрғын үй –коммуналдық шаруашылық (99,4%), мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік (96,4%), отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану (99,6%), ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары (99,7%), өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі (97,9%) және басқалар (99,8%).

Облыстық бюджет бойынша 2016 жылға түзетілген бюджетінде бекітілген бюджетке қарағанда шығындардың негізгі өсімі келесі функционалдық топтар бойынша байқалады:

- жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер-518368,5 мың теңге немесе 137,7%;

- қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі-732873,0 мың теңге немесе 112,9%;

- білім беру – 2197688,0 мың теңге немесе 113,1%;

- денсаулық сақтау-4058888,5 мың теңге немесе 116,6%;

- әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру-635336,0 мың теңге немесе 138,1%;

- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық - 16099987,7 мың теңге немесе 7 есе;

- мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік – 1382284,8 мың теңге немесе 125,3%;

- ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары-4175569,1 мың теңге немесе 158,9%;

- өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі-938508,1 мың теңге немесе 5 есе;

- басқалар –3568318,0 мың теңге немесе 119,9%.

Сонымен қатар, облыстық бюджет бойынша 2016 жылға түзетілген бюджетінде төмендегі функционалдық топтар бойынша шығындар қысқартылған:

- отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану-264806,0 мың теңге немесе 73,8 %;

- көлік және коммуникация –74054,0 мың теңге немесе 98,9%.

2.3.2. Бюджеттік кредиттердің пайдаланылуын талдау

Ағымдағы жылы республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттердің жалпы сомасы 13 931 123,0 мың теңге қаражат толығымен немесе 100 пайызға орындалған (2015 жылы 10150577,0 мың теңге). 2015 жылмен салыстырғанда 3780546,0 мың теңге кредит артық түскен.

Республикалық бюджеттен облыстық бюджетке 7 877 034,0 мың теңге кредит бөлінген:

275.013.000 «Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы шеңберінде ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету үшін бюджеттік кредиттер беру» бюджеттік бағдарлама бойынша жалпы 2 310 000,0 мың теңге (республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен 500 000,0 мың теңге, Ұлттық қор есебінен 1 810 000,0 мың теңге) бөлініп, толығымен игерілген. Ауыл тұрғындарына шағын несиелер беріліп, 991 жоба несиелендірілді және 1094 жұмыс орны құрылды.

279.046.033 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша мерзімі 21 жылға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан сомасы 3 968 930,0 мың теңге кредит бөлініп, толығымен игерілген.

288.009.013 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру» бюджеттік бағдарлама бойынша 1 079 954,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

258.007.013 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер» бюджеттік бағдарлама бойынша 318 150,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

275.069.013 «Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру» бюджеттік бағдарлама бойынша 200 000,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген. Шығыстар 54 ЖКС несиелендіруге бағытталған.

Облыстық бюджет есебінен 6 054 089,0 мың теңге кредит бөлінген:

288.009.000 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру» бюджеттік бағдарлама бойынша 5335934,0 мың теңге (ішкі қарыздар есебінен-4 494 501,0 мың теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен-841433,0 мың теңге) бөлініп, толығымен игерілген.

258.007.015 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер» бюджеттік бағдарлама бойынша 118155,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

275.010.000 «Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ға кредит беру» бюджеттік бағдарлама бойынша 300000,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген. Шығыстар «Кең дала» Бағдарламасы аясында 50 ауылдық кәсіпкерлерді және «Жас Старт» Бағдарламасы аясында 17 жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған.

275.011.000 «Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына микро кредит беру үшін «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымдарына кредит беру» бюджеттік бағдарлама бойынша 300000,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген. Осы сомаға 225 жоба несиелендірілді және 410 жұмыс орны ашылды.

2.3.3. Қаржы активтерін сатып алуға жұмсалған шығындарды талдау

2016 жылға мемлекеттік қаржылық активтерін сатып алуға Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы 255.065.000 «Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы бойынша ("Ақтөбе ӘКК" Ұлттық компания" АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға) 73603,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

Облыстың индустриалды-инновациялық даму басқармасы арқылы 280.065.000 «Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту бюджеттік бағдарламасы бойынша» ("Ақтөбе ӘКК" Ұлттық компания" АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға) 50000,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

2.3.4. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау

2016 жылдың аяғында бюджеттік бағдарламалар бойынша 33180,1 мың теңге (2015 жылы – 14671,9 мың теңге) сомасында кредиторлық берешек қалыптасып, өткен жылмен салыстырғанда кредиторлық берешек 18508,2 мың теңгеге көбейген.

Бюджет бағдарламалары әкімшілері бойынша кредиторлық берешектің негізгі үлесі келесі әкімшілерге келеді:

-денсаулық сақтау басқармасы-87,2 мың теңге (47,8 мың теңге- растайтын құжаттарды кеш ұсынуына байланысты, 38,2 мың теңге-салыстыру актілері бойынша анықталған берешек);

-облыс әкімінің аппараты-2370,7 мың теңге (1907,9 мың теңге- растайтын құжаттарды кеш ұсынылуына байланысты, 462,8 мың теңге-басқа берешектер);

-облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы-148,1 мың теңге;

- облыстың білім басқармасы-494,8 мың теңге;

- облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы-2832,2 мың теңге;

- облыстың дін істері басқармасы-108,7 мың теңге;

- облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы-274,2 мың теңге;

- облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы-7208,9 мың теңге құрылыс пен қайта жаңартуға байланысты 5% төлемнен ұстау;

- облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы-3900,6 мың теңге растайтын құжаттарды кеш ұсынуына байланысты, қаржыландыру жоспары бойынша қаражат жеткіліксіздігіне байланысты;

- облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы-15023,8 мың теңге міндеттемелер бойынша төлеу мерзімі басталмауына байланысты;

- облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы-555,9 мың теңге қаржыландыру жоспары бойынша қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты және т.б.

Кредиторлық берешектің қалыптасуының негізгі себептері болып растайтын құжаттардың кеш ұсынылуына, тауарларды жеткізу бойынша мердігерлермен келісім-шарт міндеттерінің орындалмауына, салыстыру актісі бойынша анықталған берешек, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарында қаражаттардың жетіспеушілігіне байланысты болып табылады.

2017 жылдың 1 қаңтарына облыстық бюджет бойынша дебиторлық берешек 72908,1 мың теңге (2015 жылы -45826,7 мың теңге) сомасында қалыптасып, өткен жылмен салыстырғанда 27081,4 мың теңгеге артқан.

Дебиторлық берешек келесі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінде қалыптасқан:

- денсаулық сақтау басқармасы-5682,6 мың теңге;
 - облыс әкімінің аппараты-8339,5 мың теңге;
 - облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы-1263,2 мың теңге;

- облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы-4281,2 мың теңге;

- облыстың білім басқармасы-716,1 мың теңге;
 - облыстың дін істері басқармасы-158,2 мың теңге;
 - облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы - 97,8 мың теңге;

- облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы - 84,0 мың теңге;

- облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы-51285,0 мың теңге;
 - облыстың туризм және сыртқы байланыстар басқармасы-639,9 мың теңге;

- облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы-112,4 мың теңге.

Дебиторлық берешектің қалыптасуының негізгі себептері болып есеп беруге берілген сома (іс-сапар, ағымдағы шығындар), салыстыру актілеріне сәйкес артық төлемдер болып табылады.

Талдай келе растайтын құжаттардың кеш ұсынылуына, тауарларды жеткізу бойынша мердігерлермен келісім-шарт міндеттерінің орындалмауына, салыстыру актісі бойынша анықталған берешек, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарында қаражаттардың жетіспеушілігіне, салыстыру актілеріне сәйкес артық төлемдер есебінен кредиторлық және дебиторлық берешектер туындаған, яғни бюджет қаражаттарын тиімсіз пайдалану орын алып отыр. Сонымен қатар, кредиторлық және дебиторлық берешектер өткен жылмен салыстырғанда көбейгендігі байқалады.

III БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

3.1. 2016-2020 жылдарға арналған Аумақтарды дамыту бағдарламасының іске асырылуын бағалау

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №361 шешімімен (облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №82 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған Аумақты дамыту бағдарламасы бекітілген.

Бағдарламаны орындау бойынша іс-шаралар жоспарында 2016 жылға 89 нысаналы индикатор, 412 іс-шара (соның ішінде, қаржыландыруды қажет етпейтін), оның ішінде «Экономика» бағыты бойынша 25 нысаналы индикатор және 114 іс-шара, «Әлеуметтік сала» бағыты бойынша 30 нысаналы индикатор, 127 іс-шара, «Қоғамдық құрылым және құқықтық тәртіп» бағыты бойынша 5 нысаналы индикатор, 26 іс-шара, «Инфрақұрылым» бағыты бойынша 15 нысаналы индикатор, 91 іс-шара, «Экология және жер ресурстары» бағыты бойынша 13 нысаналы индикатор, 49 іс-шара, «Мемлекеттік қызметтер» бағыты бойынша 1 нысаналы индикатор 5 іс-шара қарастырылған, 89 нысаналы индикатордың 4 көрсеткіші орындалмаған, яғни:

100,0 мың тірілей туғандарға шаққандағы ана өлімін төмендету нысаналы индикаторы бойынша 2016 жылы облыс бойынша 3 ана өлімі тіркелген, бұл 19724 тірі туылған балаларға шаққанда алдын ала көрсеткіш 15,2 пайызды құрады (НИ жоспары бойынша 9,9 пайыз). 2015 жылмен салыстырғандағы (19964 тірі туғандарға шаққанда ана өлімі 2 жағдай,) көрсеткіші 10,0 өсімі 52% - ды құрады.

Арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсете отырып қамтылған адамдардың үлес салмағы (оларды алуға мұқтаж адамдардың жалпы санының ішінде) нысаналы индикаторы бойынша жоспар 99,8%, орындалған 99,2% құрады. Психоневрологиялық интернат үйіне кезектіліктің бар болуына (29 адам) байланысты нысаналы индикатор орындалмаған.

Жолаушылар автокөлігі қатынасымен қамтылмаған елді мекендердің үлесі нысаналы индикаторы бойынша қамтылмаған елді мекен үлесі жоспар бойынша 20% құраса, орындалғаны 56% құрады.

Аталған көрсеткіштің орындалмауы ауылдық елді мекендерді тұрақты жолаушы автобуспен тасымалдауының төмендігімен байланысты болып отыр.

Бүгінгі таңда үшін маршруттың рентабельді болмауына байланыста тұрақты ауданішілік жолаушылар мен багажды тасымалдауды ұйымдастыру мүмкін емес. Аудан ішіндегі жолаушылард тасымалдау тек Алға (2 бағыт), Темір (2 бағыт), Қобда (1 бағыт), Хромтау және Қарғалы (1 бағыт) аудандарында ұйымдастырылған, қалған аудандарда жолаушыларды тасымалдау ұйымдастырылмаған.

Жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына қанағаттанушылық деңгейін арттыру нысаналы индикаторы бойынша жоспар 79,5%, орындалуы 78,2% құрады.

Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету сапасының қанағаттанушылық деңгейі 78,2% құрады.

Аумақты дамыту бағдарламасының іске асырылуын талдау нәтижесімен оның дұрыс жоспарланбауы себебінен кейбір бағыттар бойынша нысаналы индикаторлар мен тікелей нәтиже көрсеткіштері орындалуына қол жеткізілмеген.

3.2. Өңірде басқа да бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ақпарат

2016 жылы облыста «Өңірлерді дамыту», «Агробизнес-2020», «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылды. Тексеру комиссиясымен аталған бағдарламалардың іске асыруына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізілді.

1) «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы» ММ-де «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын іске асыруына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаумен 2 390524,9 мың теңге қамтылды. Бақылау барысында сомасы 110091,0 мың теңгеге 6 рәсімдік бұзушылық анықталды.

Жүргізілген мемлекеттік аудитпен Бюджет кодексінің, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының, ҚР Қаржы министрінің 16.02.09ж. №68 «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы» бұйрығының талаптары бұзылғандығы анықталды.

Бюджеттік заңнама, мемлекеттік сатып алу және басқа да қолданыстағы заңнама нормаларының сақталуы қамтамасыз етулеріне ұсыныс жіберілді.

2) Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасына жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттарының пайдалануына және «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасының орындалуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізілді.

Аудитпен қамтылған бюджет қаражаттарының жалпы көлемі 8 909516,7 мың теңгені құрады, соның ішінде республикалық трансферттері 1 414171,6 мың теңге.

«Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ-де, сонымен қатар Ақтөбе қаласының және 6 аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдерінде үстеме бақылаулар жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 359,9 мың теңге, соның ішінде өтелуге жататыны және өтелгені 9,9 мың теңге, оған қоса 30 рәсімдік бұзушылықтар орын алған.

Аудиторлық іс-шараның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігімен бекітілген субсидия беруге арналған қағидаларын бекіту туралы бұйрықтарының және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне қайшы заң бұзушылықтар анықталды.

3) «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ-де «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде бюджет қаражаттарын пайдалануына аудит жүргізілді.

13 бюджеттік бағдарламалар бойынша қамтылған қаражат көлемі 5 820613,1 мың теңгені құрады, оның ішінде республикалық трансферттер – 4 456579,6 мың теңге.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралар нәтижесінде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының жалпы сомасы 4228,8 мың теңгеге бұзушылықтары анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар сомасы 2346,5 мың теңге қалпына келтірілуге жатады, оның ішінде қалпына келтірілген сома 141,6 мың теңге.

Сонымен қоса, Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасы, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» Акционерлік қоғамының Ақтөбе филиалы және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ақтөбе облысы бойынша аймақтық филиалында үстеме бақылаулар жүргізілді.

Жүргізілген аудит шаралары бойынша келесілер анықталды:

- ҚР Бюджет кодексіне қайшы, жалпы сомасы 2063,7 мың теңге болатын нысаналы трансферттер нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған, оның ішінде: 2014 жылы сомасы 1051,9 мың теңге, 2015 жылы сомасы 994,8 мың теңге және 2016 жылы сомасы 17,0 мың теңге.

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына қайшы, 2015 жылы бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында қарастырылмаған жалпы сомасы 1843,5 мың теңге болатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алынған.

Ақтөбе облысы кәсіпкерлерінің палатасында бағдарламаның «Төртінші бағыты: Кәсіпкерлердің әлеуетін күшейту» бөліміне қайшы, сервистік қолдау аясында жалпы сомасы 247,0 мың теңгеге жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын коммерциялық емес ұйымдарға қызметтер көрсетілген. Бағдарлама

бойынша сервистік қолдау тек шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетіледі.

ҚР Бюджет кодексінің, ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының және басқа да заңнамалардың талаптары сақталуына, бюджеттік субсидия, кредиттер беруге арналған бағдарламалар шарттарының сақталуына тиісті бақылауды күшейту, бюджеттік қаражаттарды тиімді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бақылауды күшейтуге ұсыныс жіберілді.

IV БӨЛІМ. ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

4.1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігін бағалау

Жыл сайын республикалық, облыстық бюджеттерден инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға және облыста әлеуметтік объектілер салуға қаражат бөлінуде.

2016 жылға функционалдық топтар бөлігінде даму бюджетінің атқарылуы

млн.теңге						
БСК	Функционалдық топтар атауы	2016 жылға бекітілген бюджет	2016 жылға түзетілген бюджет	Атқарылуы	Түзетілген бюджетте н ауытқуы, (+,-)	Түзетілген бюджетке атқарылуы%
	ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР	2178,7	6358,8	6326,3	-32,5	99,5
02	Қорғаныс	0,9	0	0	0	0
04	Білім беру	0	155,0	155,0	0	100,0
05	Денсаулық сақтау	26,7	713,4	709,4	-4,0	99,4
07	Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық	35,9	574,9	574,7	-0,2	100,0
08	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	87,4	346,3	345,7	-0,6	99,8
09	Отын-энергетика кешені және жер	453,9	188,1	188,1	0	100,0

	қойнауын пайдалану					
10	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	256,5	344,7	344,7	0	100,0
12	Көлік және коммуникация	1285,0	1900,9	1898,2	-2,7	99,9
13	Басқалар	32,4	2135,5	2110,5	-25,0	98,8

2016 жылы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бюджеттен 6358810,1 мың теңге бөлініп, 6326269,2 мың теңгесі (99,5%) игерілген. Бөлінген қаражаттың басым бөлігі 33,4% басқалар, 30,0% көлік және коммуникация, 11,2 % денсаулық сақтау, 9% тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық салаларын дамытуға бағытталған.

Функционалдық топтар бойынша:

Білім беру

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бағдарламасы бойынша 154997,0 мың теңге бөлініп, 154953,9 мың теңгесі игерілген.

Денсаулық сақтау

«Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» бағдарламасы бойынша 713405,2 мың теңге бөлініп, 709458,1 мың теңгесі немесе 99,4% игерілген.

Тұрғын үй –коммуналдық шаруашылық

«Елді мекендерді газдандыру» бағдарламасы бойынша 524097,9 мың теңге бөлініп, 523982,8 мың теңгесі немесе 100,0% игерілген.

«Коммуналдық шаруашылықты дамыту» бағдарламасы бойынша 50743,0 мың теңге бөлінген, игерілгені 50740,9 мың теңге немесе 100,0%.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік

«Мәдениет объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша 78709,0 мың теңге бөлінген, игерілгені 78615,1 мың теңге немесе 99,9%.

«Спорт объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша 267560,8 мың теңге бөлінген, игерілгені 267048,7 мың теңге немесе 99,8%.

Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану

«Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы бойынша 188127,0 мың теңге бөлінген, игерілгені 188126,0 мың теңге немесе 100,0%.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары

«Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша 252288,3 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

«Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша 92429,0 мың теңге бөлінген, игерілгені 92428,0 мың теңге немесе 100,0%.

Көлік және коммуникация

«Көлік инфрақұрылымын дамыту» бағдарламасы бойынша 1617934,0 мың теңге бөлінген, игерілгені 1615157,6 мың теңге немесе 99,8%.

«Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» бағдарламасы бойынша 282995,4 мың теңге бөлініп, толықтай игерілген.

Басқалар

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы бойынша 2135523,5 мың теңге бөлінген, игерілгені 2110474,4 мың теңге немесе 98,8%.

Бөлінген қаржының толықтай игерілмеуі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершіліктерінің төмен болуынан болып отыр.

4.2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бағалау

1) "Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" ММ бөлінген бюджет қаражаттарының қолданылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізумен 45 046 354,5 мың теңге қамтылды. Оның ішінде 1 рәсімдік бұзушылық анықталды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 40 бабының 2 тармағына қайшы (күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңымен) 2 жағдайда тіркелуге жататын келісім – шарттарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тіркеу жөніндегі уәкілетті органға (Ақтөбе облысы бойынша Қазынашылық Департаменті) уақтылы ұсынылмай тіркеуден өткізілген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзушылығына жол берген кінәлі лауазымды тұлғалардың жауапкершіліктерін қарастыру және басқа да қолданыстағы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз етулеріне ұсыныс жіберілді.

2) «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Ақтөбе облысының Ішкі істер департаменті» ММ бөлінген бюджет қаражаттарының қолданылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаумен 10 155040,0 мың теңге қамтылды. Оның ішінде анықталған бұзушылықтар сомасы 141161,1 мың теңгені және 12 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар. Қалпына келтірілуге жататын қаражат көлемі 615,9 мың теңгені құрады. Оның 499,0 мың теңгесі бюджетке қайтарылды.

Жүргізілген мемлекеттік аудитпен ҚР Бюджет кодексінің, Азаматтық кодексі, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңының, ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі №1464 «Бюджет

қаражаты есебінен жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарға және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарға жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысының, ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйегіндегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысының талаптары бұзылғандығы анықталды.

Бюджеттік қаражаттарды игеру кезінде және мемлекеттік сатып алу заңнамасын орындау барысында тиісті бақылауды күшейту, олардың бюджеттік қаражаттарды тиімді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге және Бюджеттік заңнама, мемлекеттік сатып алу және басқа да қолданыстағы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгізілді.

Мемлекеттік аудит іс-шарасының нәтижесі бойынша 3 лауазымды тұлға тәртіптік жазаға және 7 лауазымды тұлғаға 381,7 мың теңге көлемінде әкімшілік жазаға тартылды.

3) «Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне бюджет қаражаттарының пайдалануына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізуде «Әйтеке би аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі», «Қарғалы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» және «Ақтөбе қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемелерінде 268-113 «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» есебінен бөлінген қаражаттарының пайдалануының дұрыстығына үстеме бақылаулар жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемінің жалпы сомасы 11 711 848,4 мың теңге. Оның ішінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 946,3 мың теңге. Өтеуге жататын 599,0 мың теңге толығымен бюджетке өтелді.

Жүргізілген аудит бюджеттік қаражаттарды пайдалану барысында мекемеде Бюджет кодексінің, Еңбек Кодексінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір Қаулыларының талаптары толық сақталмайтындығын және анықталған бұзушылықтар «Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ тарапынан бюджет шығысының негізділігі және тиімділігінің қамтамасыз етулерінің, активтерді тиімді пайдалану бойынша бақылаудың төмендігін көрсетеді.

Яғни, 2014-2015 жылдары бюджеттік өтінімде қарастырылмаған шығыстарға бюджет қаражаттары жұмсалған, дұрыс есептемеу салдарынан

еңбекақының артық төленгені, демалыс ақы төлемдері артық есептелініп төленгені, іссапар шығындары артық төленгені анықталды.

4.3. Мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

«Ақтөбе» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ активтерін басқару тиімділігіне, бухгалтерлік есеп жүргізудің дұрыстығына қаржылық бақылау және мемлекеттік аудит жүргізілді. Аудит барысында 5 еншілес компанияларына үстеме бақылаулар жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемінің жалпы сомасы 8 349 418,0 мың теңге. Оның ішінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 252179,2 мың теңге. Қалпына келтіруге (өтелуге) жататын сома 103509,4 мың теңге. Аудит іс-шаралары және кейінгі қабылданған шаралар барысында аудит объектілерімен 2525,8 мың теңге қалпына келтіріліп, өтелді.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша жүргізілген аудит барысында инвестициялық жобаларды іске асыруда бақылаудың төмендігін көрсететін жалпы сомасы 646 754,6 мың теңгеге активтерді тиімсіз пайдалану және бюджет қаражаттарын пайдалану фактілері анықталды.

4.4. Квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-сінде және 15 колледждерде «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекет активтерінің басқарылуына және техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беруді, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаттарын пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізілді. Аудитпен қамтылған бюджет қаражаттарының жалпы көлемі 9 070 219,0 мың теңгені құрады.

Бұзушылықтардың жалпы сомасы 24076,6 мың теңге, соның ішінде өтелуге және қалпына келтірілуге жататыны 6272,6 мың теңге. Аудит іс-шаралар барысында барлығы 4461,7 мың теңге және аудиторлық іс – шаралардан кейін 1810,9 мың теңге тиісті бюджетке өндіріліп және қалпына келтірілді.

ҚР Еңбек Кодексінің, Азаматтық Кодексінің, Салық Кодексінің, Мемлекеттік сатып алу туралы заңының, және басқа да заңнамалар талаптарының сақталмағандығы анықталды.

Аудит барысында уәкілетті органдармен білім саласында техникалық және кәсіптік білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін әзірлеуді ұйымдастырмағаны және бекітпегені анықталды.

Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жасалған келісім шарттарында мамандарды дайындау бағыттары қарастырылмаған.

Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарынан мемлекеттік тапсырыс бойынша 2014 жылы 3379 түлектің 31,8% басқа мамандықтар бойынша жұмысқа орналасқандар немесе өзін-өзі қамтып отырғандар, 9,6% жұмысқа тұрмағандар, 2015 жылы 3602 түлектің 32,2% өзін-өзі қамтып отырғандар немесе басқа мамандықтар бойынша жұмысқа орналасқандар және 14,2% жұмысқа тұрмағандар.

Талдаудың нәтижелеріне сүйенсек, сұраныстағы мәліметтердің көрсеткіштері жоғары екендігі, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға бюджеттен қаражатты артық көлемде алуды мақсат еткенін дәлелдейді. Бұл жағдайдың пайда болуына Білім басқармасы тарапынан еңбек нарығын талдаудың, ведомстволық мекемелерінің және ұйымдардың жұмыстарын бақылауының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Кейбір колледждердің материалдық техникалық жабдықтандырылуы ҚР талаптарына сәйкес келмегендіктен, оқушылардың тиісті білім алу сапасына кері әсер етіп, сапасыз білім беруге әкеліп соқтырады.

Сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында электрондық білім беру жүйесі қолданысқа енгізілмеген.

Жүргізілген аудиторлық іс шарасының нәтижесі бойынша 16 лауазымды тұлғаға тәртіптік және әкімшілік жаза қабылданды, оның ішінде 212,1 мың теңгеге 1 әкімшілік айыппұл салынды.

V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

5.1. ТҰЖЫРЫМДАР

1.2016 жылға облыс бюджетінің негізгі параметрлері нақтылау мен түзетулер есебімен орындалды.

2.Барлығы есепті жылы жергілікті бюджет 7 рет нақтыланып, түзетілген.

Нәтижесінде, жергілікті бюджет кірісі 107644764,0 мың теңгеден 139831558,3 мың теңгеге дейін, шығыстар 112867046,0 мың теңгеден 158401930,5 мың теңгеге дейін артқаны байқалады, 555903,1 мың теңге игерілмей қалған.

3. Жергілікті бюджет қаржысын және трансферттерді пайдаланудың басты кемшілігі олардың игерілмеуі болып табылады. Оның себептері – нысаналы трансферттер көлемінің жеткілікті дәрежеде сапалы жоспарланбауы, сонымен қатар, жергілікті деңгейлердегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершіліктерінің болмауы және мемлекеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің тікелей және түпкі нәтижелерге қол жетімділігінің төмендігі болып табылады.

4.Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бағыныстағы заңды тұлғалардың басшылары жағынан бюджет қаражатын жоспарлауда және пайдалану кезінде тиісті бақылаудың болмауынан бюджеттік және басқа да заңнамалардың бұзылуына алып келеді.

5.2016 жылдың аяғында бюджеттік бағдарламалар бойынша 33180,1 мың теңге кредиторлық берешек және 72908,1 мың теңге дебиторлық берешек қалыптасқан. Растайтын құжаттардың кеш ұсынылуына, тауарларды жеткізу бойынша мердігерлермен келісім-шарт міндеттерінің орындалмауына, салыстыру актісі бойынша анықталған берешек, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарында қаражаттардың жетіспеушілігіне, салыстыру актілеріне сәйкес артық төлемдер есебінен кредиторлық және дебиторлық берешектер туындаған, яғни бюджет қаражаттарын тиімсіз пайдалану орын алып отыр. Сонымен қатар, кредиторлық және дебиторлық берешектер өткен жылмен салыстырғанда көбейгендігі байқалады.

6. Аумақты дамыту бағдарламасының іске асырылуын талдау нәтижесімен оның дұрыс жоспарланбауы себебінен кейбір бағыттар бойынша нысаналы индикаторлар мен тікелей нәтиже көрсеткіштері орындалуына қол жеткізілмеген.

5.2. ҰСЫНЫМДАР

Бюджетті жоспарлау мен орындалуына, қаржылық бұзушылықтардың қысқаруына жауапкершілікті жоғарылату мақсатында:

*әлеуметтік-экономикалық болжамды қалыптастырғанда экономика дамуының ішкі факторларын есептегенде нақты макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалану, сәйкесінше бюджетті жоспарлау аталған болжамдық көрсеткіштерде, базалық шығындарда, бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалауға негізделген болуы тиіс;

*ақырғы нәтижелерге қол жеткізу үшін әкімшілік және басқарушылық шешімдерді оперативті қабылдау мақсатында даму бағдарламасын жүзеге асыруға мониторингтің анық жүйесін енгізу;

*мемлекеттік және квазимемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің кәсіби білімін арттыруда бірінші басшылары, есепшілері, мемлекеттік сатып алу бойынша мамандары, экономистері үшін Ақтөбе облысы әкімдігінің мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау аймақтық орталығын тарта отырып, бюджет заңнамасы, мемлекеттік сатып алу заңнамасы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік заңнамалары бойынша курстар ұйымдастыру;

* аудан әкімдерін және облыстық басқарма басшыларын өзінің қызметтік міндетін орындау кезінде қолданылатын заңнамалық актілері бойынша өзгерістер мен толықтырулар бойынша техникалық сабақты үнемі өткізуді ұйымдастыруды міндеттеу;

*бюджеттің орындалуы кезінде бұзушылықтарға жол бермеу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершіліктерінің арттыруын қамтамасыз ету.

**Ақтөбе облысы бойынша
тексеру комиссиясы**

1-қосымша

Тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі жұмысы туралы ақпарат

№	Аудит нысанының атауы	Аудитпен қамтылған қаражат көлемі (мың теңге)	Жалпы анықталған бұзушылықтар сомасы (мың теңге)	Қалпына келтірілетін, өтелетіні (мың теңге)	Қалпына келтірілгені, өтелгені (мың теңге)
1	«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ	9 070 219,0	24 076,6	6 272,6	6 272,6
2	"Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" ММ	2 390 524,9	110 091,0	0,0	0,0
3	"Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" ММ	45 046 354,5	0,0	0,0	0,0
4	"Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Ақтөбе облысының Ішкі істер департаменті" ММ	10 155 040,0	141 161,1	615,9	499,0
5	"Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" ММ	8 909 516,7	359,9	9,9	9,9
6	"Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы" ММ	5 820 613,1	4 228,8	2 346,5	141,6
7	«Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі	11 711 848,4	946,3	599,0	599,0

	және автомобиль жолдары басқармасы» ММ				
8	«Ақтөбе ӘКК» ҰК» АҚ	8 349 418,0	252 179,2	103 509,4	2 525,8
	Барлығы	101 453 534,6	533 042,9	113 353,3	10 047,9